- Маркерлік, гриферлік шкафтарды пайдалану мақсатында шығармалыққа баулу, еркін сурет салуға мүмкін беру, жағдай жасалынды. Өз ойларын еркін жеткізіп, сұраққа толық жауап алу жұмыстары жүргізілді, баламен жеке жұмыс жасауда екі педагог тиімділігі байқалды. Апробация мерзімінде жобадағы топтардың педагогтеріне үнемі сүйемелдеу, қолдау мақсатында, педагогтер арасында құрылған шығармашылық топ көмек берді.

Жоба кезіндегі жеткен жетістіктері мен жақсы тұстары:

- педагогтердің айлығының өсуі;

- балалардың жастарына сәйкес ойын кеңістігін және балалардың қызығушылықтары бойынша орталықтарды ойыншықтар мен материалдармен жабдықтау арқылы заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуде.

- дербес ойын кезінде балалармен еркін диалог құра отырып бір-бірімен сөйлесу арқылы балалар ойын ашық айтуға дағдылануда;

- жеке жұмыс жасауға мүмкіндік туып отыр;

- әр баланың жеке қажеттіліктері ескеріліп ұйымдастырылған инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру;

- балалардың өз бетінше зерттеуіне көбірек уақыт бөлінуде;

- балалармен сөйлесуге көбірек уақыт бөлінуде;

- баланың өз бетінше әрекеттенуіне көбірек уақыт бөлінуде;

- балалардың эмоционалды дамуына уақыт бөлу, олардың эмоциялары мен сезімдері туралы айтылуда;

- ата-аналардың тәрбиелеу мен білім процесіне белсенді қатысуы көрініс табуда;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа мазмұнын іске асырудағы кәсіби шеберлігі мен жоғары белсенділіктерін арттыру.

Жоба қорытындысы бойынша балабақшамызда 2022-2023 оқу жылында **«ЖАҢА МАЗМҰН: МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУҒА ЖАҢА КӨЗҚАРАС»** тақырыбында Балаларды ерте дамыту институтымен және Астана қаласы Білім басқармасымен бірлесе республикалық семинар өткізілді. "Step By step" Қоғамдық Қоры ұйымдастырған " VIII (8) Республикалық ғылыми-

практикалық конференциясы және Педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті кафедрасының профессоры, Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Мәскеу қалалық әкімдігінің білім беру саласындағы Сыйлығының лауреаты Круглова Лариса Юрьевна

"Мектепке дейінгі білім берудің заманауи технологиялары" тақырыбында өткен халықаралық оқыту семинарының тыңдаушылары балабақшамызда заттық-дамытушылық орталықтарды ұйымдастыруда практика жүзінде іс-тәжірибе алмасу өткізілді.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 1 шілде айындағы № 192 бұйрығы негізінде Озық педагогикалық тәжірибе таратып және енгізіп, құзыреттілік орталықтар жұмысын ұйымдастырып жұмыстар жүргізілуде. Мектепке дейінгі білім беру сапасына Ұлттық зерттеу жүргізілген Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің балабақшалар тізбесіне кірдік, оған ҚР 20 өңірі, оның ішінде бірыңғай мақсатпен біріктірілген 79 мектепке дейінгі ұйым қатысуда. Құзыреттілік орталықтар жұмыс барысымен үнемі іс-тәжірибе алмасулар жүргізіледі.

Серіктестік ретінде, екі жақтық меморандум келісім-шарты бойынша Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана Халықаралық университеті Педагогикалық колледжі, Балаларды ерте дамыту институты, «Mugalim» қоғамдық бірлестігі, Балалар институты «OYNA», «Өрлеу» Біліктілік арттыру Ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы, №59 мектеп-лицейі жұмыстар атқарылуда. Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінің педагогтары және Астана қаласы бойынша әріптестерімізбен құзыреттілік орталықтар жұмысы барысымен іс-тәжірибе алмасулар ұйымдастырылып тұрады.

Жоба кезінде өзін-өзі бағалау құралдары көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын бағалау индикаторлары "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы білім сапасын кешенді бағалауға арналған шкалалар» (ECERS-3) құжатына сүйеніп жүргізілді. ECERS-3 туралы қысқаша түсіндермелі мәлімет беретін болсақ.

Бағалау өлшемшарттары:

1. қауіпсіздік;
2. заттық-дамытушылық орта;
3. бала күтімі;
4. сөйлеу және сауаттылық;
5. белсенділік түрлері;
6. өзара әрекеттесу;
7. бағдарламаны құрылымдау

ECERS-3 шкаласы бойынша балабақшаның топтарында балалардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін ыңғайлы, жас ерекшеліктеріне сәйкес, қолжетімді жиһаздардың болуы;

Топтар кең, таза және қауіпсіз, жарық, жатын бөлме балаларға күні бойы қол жетімді, бұл балаларға еркін ойын ойнауға мүмкіндік береді.

Балабақшадағы қауіпсіздік: Топтағы барлық жиһаздар бекітілген, ішкі кеңістіктің ұйымдастырылуы, қол жетімділігі және қауіпсіздігі балабақшаның негізгі міндеттерінің бірі. Іс-әрекет барысында тәрбиеші балалардың өмірін және денсаулығын қорғау нұсқаулығын ұстануы.

Заттық-дамытушылық орталықтар балаларға арналған түрлі және қызықты табиғи материалдармен жеткілікті жабдықталған. Материалдар төмен, ашық сөрелерге орналастырылған, балалардың өз бетінше пайдалануы үшін қол жетімді.

Балаларға арналған кеңістікті визуалды безендіруде, кеңістікті жобалауда топтағы ағымдағы тақырыпқа және ұйымдастырылған іс-әрекетке байланысты әртүрлі материалдар, соның ішінде балалардың фотосуреттері мен балалар жұмыстары, тегіс және көлемді безендірілген болу керек.

Тамақтану кезінде үстелдің атмосферасы тыныш, жайбарақат және мейірімді. *Балалардың тамақтану* кезінде тәрбиешінің күнделікті олармен сөйлесуі және бірге отырып тамақтануы, балалардың бір-бірімен ашық тамақтану кезінде сөйлесуін тәрбиеші және тәрбиешінің көмекшісі қарсылық білдірмей балаларды қолдау қажет. Тәрбиеленушілердің өздеріне қызмет ету жолдары, дербестік сақталу керек. Тағамның тағамдық құндылығы қабылданған нормаларға сәйкес болу керек.

Санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау үшін гигиеналық процедураларды орындау кезінде балаларды мұқият қадағалау қажет. Балалар тамақтанар алдында және дәретханадан кейін қолдарын міндетті түрде сабын қолдануын тәрбиеші бақылау қажет.

Сөйлеу және сауаттылық. Балалармен қарым-қатынаста қызметкерлер әр әрекетті сипаттай отырып, ілеспе сөйлеуді үнемі қолданады, сонымен қатар баланы балалардың ұйымдасқан және еркін іс-әрекеті кезінде кері сөйлеу байланысына шақырады. Тәрбиеші жаңа сөздерді енгізіп, олардың мағынасын түсіндіріп, жаңа тақырыпта әңгіме бастайды.

- кеңейтілген әңгіме үшін көбірек ашық сұрақтарды қолданыңыз, мысалы: "Сіз не істер едіңіз, егер? Сіз қалай ойлайсыз?" және т. б.. Мұндай сұрақтар мектеп жасына дейінгі балаларға бағытталған және ойлауды ынталандырады.

Балалармен жұмыс істеу кезінде тәрбиешілер кітаптарды пайдалануы және балаларды кітаптарды пайдалануға ынталандыру.

Кітаптар әртүрлі, тек ертегілер ғана емес, сонымен қатар балалардың көкжиегін кеңейтетін әдебиеттер, энциклопедиялардың болуы. Кітаптар жақсы жағдайда, тақырып балалардың қызығушылығына сәйкес келуі. Кітаптар балалар оларды еркін іс-әрекетте қолдана алатындай етіп орналастырылуы. Кітап бұрышының жанында балалар кітаппен отыруға оңаша ойнау бұрышы. Кітапты оқығанда мезгіл-мезгіл тоқтап, баладан оқығанының мағынасын түсінді ме және оған

түсініксіз сөздер бар ма деп сұрауы. Топта ағымдағы ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбына арналған сөйлейтін қабырғалар, сөйлейтін едендер, суреттері бар баспа мәтіндерінің жеткілікті саның болуы, баспа әріптерімен балалардың есімдері жазылған (портфолио, жеке шешінетін шкафтарында, дәптерлерінде және т.б.) Тәрбиешілер әрдайым балалардың назарын кеңістіктік ортаның әріптері мен суреттеріне аударуы.

Топта ұсақ моториканы дамытуға арналған материалдары бар заттық-дамытушылық ортаның болуы. Ұсақ моторикаға арналған материалдардың алуан түрлілігі (ұсақ конструктор, басқатырғыштар, өнер сабақтарына арналған материалдар және т.б.) қол жетімді болуы. Тәрбиеші материалды еркін іс-әрекетте пайдалану үшін жағдайлар үнемі, күнделікті жасауы қажет. Топта шығармашылық орталығына жеке ыңғайлы орын бөлініп, шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау. Материалдар балаларға еркін іс-әрекет барысында 1 сағат ішінде қол жетімді болуы.

Материалдар әртүрлі, балалардың өнерге деген қызығушылығын тудыруы. Тәрбиеші балалардың қызығушылығын қолдауы. Балалар шығармашылық жұмыс үшін қағазды және басқа заттарды өздері алады. Тәрбиеші сұрақтар қояды, әңгімелеседі, қызығушылық танытады және балаларға көмектеседі. Топта музыка бұрышы. Балалардың музыкалық аспаптарды жеткілікті уақыт ішінде еркін әрекетте пайдалану мүмкіндігі бар. Апталық кестеге балалардың музыка тыңдауға, ән айтуға және ритақты қозғалыс тәжірибесін алуға мүмкіндігі бар арнайы музыкалық ұйымдастырылған іс-әрекеттер кіреді. Күні бойы тәрбиеші шығармашылық жұмыс кезінде, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында музыкалық сүйемелдеуді үнемі қолдануы. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде балалар музыка ойнауға және тыңдауға мүмкіндік алуы. Еркін ойын барысында қызметкерлер балалармен ритмикалық би қимылдарын орындауы.

Белсенділік. Тәрбиеші бос жұмыс кезінде балалармен оң қарым-қатынас жасауы, балалар, негізінен, көптеген материалдар мен жабдықтар қол жетімді және әр бала қызығушылық таныта алуы. Топта барлық балалар топтық іс-шараларға белсенді қатысуы, көптеген іс-шаралар кіші топтарда жүзеге асырылуы, балалар қойылған міндеттерді орындау барысында басқаларға қосылу үшін кейбір кіші топтардан еркін кетуі.

Өзара әрекеттесу. Тәрбиеші барлық балалармен құрметпен және позитивті түрде қарым – қатынас жасауы, бұл әр баланың жеке тұлға екенін көрсетеді. Тәрбиеші әрдайым балаларды қолдауы және балалардың вербалды емес белгілеріне сезімтал жауап беруі – баланың іс-әрекетін қашан өзгерту керектігін түсінуі, проблемалар туындаған кезде тыныштандыруы. Тәрбиеші балалардың бір-біріне деген жағымды әлеуметтік мінез-құлқына назар аударуы: өзара көмек, бөлісу қабілеті ынталандыруы. Қызметкерлер балаларға қақтығыстардан аулақ болуға көмектеуі, өзара әрекеттесу ережелерін еске салуы.

Тәртіп. Тәрбиеші көбінесе балалардың дамуына сәйкес келетін әдістерге жүгінуі: бір әрекеттен екіншісіне тегіс және логикалық ауысулары, ең аз күту уақыты,

балалардың жалықпауын тудыртпау, шаршатпау. Тәрбиешінің араласуынсыз балалар шеше алмайтын жанжалды жағдайларды туындатпау.

Бағдарламаны құрылымдау. Бір әрекеттен екіншісіне ауысу көбінесе біртіндеп, дараланған (балалар үстелге отыра салысымен тамақтануға кірісуі және таңғы ас ішкеннен кейін үстелден еркін шығуы, іс-әрекет аяқталғаннан кейін басқаларын күтпестен екіншісіне ауысуы). Қызмет түрлерін ауыстыру кезінде күту уақыты үш минуттан аспауы. Тәрбиеші бос жұмыс кезінде балалармен оң қарым-қатынас жасауы, балалар, негізінен, көптеген материалдар мен жабдықтар қол жетімді және әр бала қызығушылық таныта алуы.

Өзін-өзі бағалау критерияларына сәйкес құзыреттілік орталықтар жұмысы оң нәтижесін беру үстінде.

Астана қаласы Білім басқармасының 2023 жылдың 08 қыркүйек айында №1887 «Инновациялық жобаларды енгізу мен жалғастыру туралы» бұйрығы негізінде **«Kitap-Lab»** - **«Мағынасын түсініп оқу»** инновациялық жоба жұмысы енгізілді. Жобаға эксперимент топ ретінде балабақшаішілік бұйрықпен бекітіліп ересек «Жетісу» және ересек «Алтын адам», мектепалды «Есентай», мектепалды «Алатау» топтары оқу сапасын жақсарту мен оқу үрдісіне жаңа білім мазмұнын енгізу мақсатында қатысуда.

Жобаның миссиясы:

Заманауи технологияларды қолдана отырып, тұлғаның одан әрі дамуының көзі ретінде, оқуға деген қажеттілік пен сүйіспеншілікті сезінетіндей оқу процесін ұйымдастыру. Осылайша біз, оқитын, сауатты, білімді, шығармашылық, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын ұрпақты тәрбиелейміз.

Жобаның мақсаты:

Оқу процесін балаға ыңғайлы және қызықты ету және жас кезінен бастап оқу дағдылары мен дағдыларының негіздерін дамыту;

Оқу сауаттылығы, сөйлеу және жазу дағдыларын, шығармашылықты және эмоционалды интеллектті қалыптастыратын әр жас үшін білімді дәйекті түрде толықтыру жүйесін құру;

Көбірек балалар үшін белсенді оқу позициясын қалыптастыру үшін жағдай жасау. Ата-аналар мен тәрбиешілер үшін баланың білім алуын есепке алу мен бақылаудың ашық жүйесін әзірлеу;

Балаларға арналған компьютерді ойын-сауық қана емес, сонымен қатар толыққанды оқу құралына айналдыру.

Жобаның жақсы тұстары:

- әр баланың жеке қажеттіліктері ескеріледі;
- жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді;
- баланың өз бетінше әрекеттенуіне қолайлы;
- кітапқа деген қызығушылықтарын оятады;
- бала мен ата-ананың байланысын нығайтады.

Оқу жылының соңына дейін «Kitap-Lab» инновациялық жобасы оң нәтижесін береді деген сенімдеміз.

Тек қана ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында педагог балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін дегендей ата-аналармен тығыз байланыста жұмыстар жүргізілуде. 2023-2024 оқу жылында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» аймағы жұмыс жасауда. Орталықтың мақсаты: балалардың әл-ауқатын позитивті ата-ана борлу мәдениетін дамыту арқылы қамтамасыз ету. Мектепке дейінгі балалардың тұлғалық жан-жақты дамуы бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған консультациялық пункті жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда. Жылдық жоспар бойынша түрлі «Мен және менің отбасым», «Отбасылық театр», «Әкем, анам және мен», «Асық – ұлттық ойын», «Толағай», «Қазақшаң қалай?» және т.б түрлі шебер сыныптар, спорттық жарыстар, квест, ата-аналар жиналысы, байқаулар, дөңгелек үстелдер, челленджер, кездесулер, көрмелер, ашық есік күндер өткізіліп тұрады.

«Almaty balabaqshasy» барлық жетістіктердің нәтижесінде «Ең үздік мекеме» қалалық байқауында «Ең үздік балабақша» атауы берілді. Нұр-Сұлтан қаласының әкімінен 9 млн грант иегері болдық.

Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі.

Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуін балабақшаның 2023 жылғы 09 қарашадағы № 441-нқ бұйрығы негізінде құрылған комиссия жүргізді.

Комиссия төрағасы балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын жалпы жоспарлай отырып, оған басшылықты жүзеге асырды. Төраға Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша нақты тапсырмаларды комиссия мүшелері арасында бөлді.

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы жыл сайын жүргізіледі, бағаланатын кезең толық оқу жылы болып табылады. Барлық профилактикалық бақылаудың алдындағы балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу кезінде Бағалау өлшемшарттарының 2-тармағының 10) тармақшасына сәйкес бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы осы бақылау басталғанға дейінгі бір ай бағаланатын кезең болып табылады:

- 1) 2021-2022 оқу жылы;
- 2) 2022 -2023 оқу жылы;
- 3) 2023-2024 оқу жылы (қыркүйек-қаңтар аралығы)

Барлық профилактикалық бақылау алдындағы балабақшаның өзін-өзі бағалауы келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі педагогикалық кеңесті барлық профилактикалық бақылау жүргізудің жоспарланған мерзіміне дейін екі айдан кешіктірмей ұйымдастырылды.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін айқындау үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері онлайн форматта ата-аналарға сауалнама жүргізді.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар бойынша атқарылған жұмыстар (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес ұсынылды.)

1) Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығында бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес бағаланатын кезеңге:

1. 2021-2022 оқу жылы;

2. 2022-2023 оқу жылы;

3. 2023-2024 оқу жылдары әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса берілді. (электронды нұсқасы тіркелді)

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес бағаланатын кезеңге 2021-2022 жж., 2022-2023 оқу жылы кіреді. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығында бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес бағаланатын кезеңге 2023-2024 оқу жылы кіреді.

- күн тәртібі 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары;

- бекітілген өтпелі тақырыптар: 2021-2022 жылдары (электронды нұсқасы тіркелді)

- ұйымдастырылған іс-әрекет кестелер: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары;

- перспективалық жоспарлар: 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары

- 2023-2024 оқу жылы (көшірмесі қоса берілді).

- циклограммалар: 2021-2022, 2022-2023 (көшірменің электронды нұсқасы тіркелді);

- 2023-2024 (қыркүйек-қаңтар айлары) оқу жылдары (көшірмесі қоса берілді).

- жылдық жұмыс жоспарлары: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары (көшірмесі қоса берілді).

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу туралы ақпарат

№95 «Алматы» балабақшасында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен 2023 жылдың 31 қазандағы Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды инклюзивті топтарға енгізу туралы Астана қаласының Білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің №2270 бұйрығы негізінде жұмыс жасайды.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Білім беру ұйымдарында «Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның қортындасының негізінде көрсетілуде.

2023-2024 оқу жылының ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар туралы мәлімет

№	Баланың тегі аты	Туған жылы, ай күні	ПМПК қортындысы
1	Т.А.	30.11.2017ж	Задержка психического развития ОНР IIIур
2	Б. А	29.10.2017ж	Задержка психического развития Общее недоразвитие речи I- II уровня.
3	Ф.Т.	13.10.2020ж	Общее недоразвитие речи I уровня.
4	Д.К	09.07.2018ж	Задержка психического развития Общее недоразвитие речи II - уровня
5	К. А.	30.07.2018ж	ОНР III уровень. Задержка психического развития
6	К.Д	04.12.2018ж	Общее недоразвитие речи II –III уровня
7	К.Д.	04.12.2018ж	Общее недоразвитие речи II уровня.
8	К. А..	10.11.2017ж	Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи I-IIIуровня с переобладанием экспрессивной речи.
9	М: А.	19.12.2019ж	Общее недоразвитие речи I-II уровня.

			Вторичная задержка психологического развития
10	Е. Ү.	02.01.2018ж	Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи II- уровня
11	Р. Х.	24.04.2020ж	Задержка психического развития. Задержка речевого развития
12	Ж. А.	22.01.2019ж	Задержка психического развития Общее недоразвитие речи I уровня
13	Т. А.	11.07.2018ж	Нарушения речи: Общее недоразвитие речи III- уровня
14	К. Е.	11.02.2019ж	Нарушения речи. Общее недоразвитие речи I уровня

Астана қаласы Білім басқармасының 15.12.2023ж №2586 «Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды инклюзивтік топтарға енгізу» бұйрығы бойынша тағы қосымша 5 бала тізімге алынды.

№	Баланың тегі аты	Туған жылы, ай күні	ПМПК қортындысы
1	Қ. Д.	06.04.2019ж	Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының III - деңгейі
2	Ж.А.	02.02.2019ж	Трудности общения и социального взаимодействия. Специфическое развитие речи. ОНР- II ур
3	М.С.	05,09,2019ж	Задержка психического развития ОНР- II ур
4	И.С.	08.06.2020ж	Психикалық дамуының тежелуі. Сөйлеу тілі дамуының тежелуі
5	К.И.	25.01.2019ж	Общее нарушение речи II-III ур

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасайтын мамандар

Педагогтің тегі, аты	Мамандығы	Еңбек өтілімі	Біліктілік санаты
Шубаева Айнур Дарьяновна	Педагог-психолог	15 жыл	II санат
Туленова Гульжан Жаналиевна	Дефектолог	8 жыл	I санат
Байталиева Роза Кыдырбаевна	Логопед	17 жыл	Жоғары санат

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың барлық санаттары үшін келесі жағдайлар жасалған:

- Ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, жалпы білім беретін топтарда тәрбиеленетін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін тең қолжетімділік қамтамасыз етілген

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының немесе (заңды өкілдерінің) заңнамамен кепілдендірілген құқықтарын және балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау міндеті болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім алатын нормативтік құрдастырының ортасында жеңіл интеграциялау үшін біздің балабақшада темендегі шарттар сақталады.

1. Нормативтік-құқықтық және бағдарламалық, әдістемелік жағын қамтамасыз ету
2. Тұлғаның даму ортасын құру
3. Мамандармен қамтамасыз ету және олардың өзара байланыстылығы

Балабақшамызда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардымен түзету – дамыту жұмыстарын жүргізетін арнайы мамандар бар олар: психолог, дефектолог, логопед. ПМПК қортындысымен келген ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы қабылдап тізімге алып, тіркеу әдіскердің күзіретінде. Арнайы мамандар, әдіскердің нұсқаулығымен ерекше білім беру қажеттіліктері бар баламен, ПМПК қортындысының негізінде сараптама бойынша, әр маман баланың даму деңгейі туралы бағалауын жасайды. Осы топтық бағалаудың негізінде, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаға өз деңгейіне қарай жеке дамыту бағдарламасы жасалады. Әрі қарай түзету-дамыту бағдарламасымен бекітілген кестеге сәйкес, мамандар түзету-дамыту жұмыстарын жүргізеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен түзету-дамыту жұмыстарын ұтымды ұйымдастыруда, мамандарға ата-анасы немесе заңды тұлғасы және топ тәрбиешісі жақсы серіктес болады. Мамандар бірлесе отырып жүйелі түрде түзету-дамыту жұмыстарын жүргізіп, жұмыс нәтижелі болу үшін ата-анасына немесе заңды өкіліне үй тапсырма береді. Мұнда ата-анасы баласының түзеліп дамуына үлес қосады және мамандардың жұмысының нәтижесін көреді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен және тәрбиешілерімен арнайы мамандардың ұйымдастыруымен кеңес берулермен тренингтер ұйымдастырып тұрады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасайтын мамандардың кабинеттері заманауи, жаңа заман талабына сай, арнайы техникалық құрылғымен және әдістемелік материалдармен жабдықталған. Кабинет жабдықтары стандарттық талаптарға сай.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасайтын мамандарының қызметтері:

Психологтың қызметі: Баланың жеке даму бағдарламасын жасау, мінез-құлық әлеуметтік дағдыларды, эмоционалды ерік жігерді қалыптастыру
Әдістемелері: Арт-терапия элементтері, нейропсихология, АВА терапия, М,Монтессори әдістемесі, кинезиологиялық ойын жаттығулар

Дефектолог қызметі: Балалардың таным прецеденттерін, қоршаған ортасын танып білу, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру және ұсақ саусақ бұлшықеттерін дамыту.

Әдістемелері: С.Д. Забрамная В.В. Воскобович А. Н. Круглова әдіс элементтерін Логопед қызметі: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы сөйлеу тілінің деңгейлермен және тіл бұзылыстарының түрлерін түзету. Артикуляциялық аппараттарға арналған тіл жаттығулар, логомассаж және тыныс алу, ұсақ саусақ бұлшықеттеріне жаттығулар жүргізу

Әдістемелері :



- артикуляциялық жаттығулар (Н.В. Нищева)
- саусақ жаттығулар (Е. С.Анищенкова)
- тыныс алу жаттығулары (А. Н. Стрельникова)
- зонд арқылы жасалатын массаж (Н.В. Новикова)
- су джок массаж шарлары (Пак Чжэ Ву)
- инефизиологиялық жаттығулар (А.Л. Сиротюк)
- Воскобович әдістемелері
- Н. В. Пятибратова, Логомер «Тілашар»
- Ибатова Г.Б әдістемелері



Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға берілген ПМПК қортындысының мерзімі аяқталғаннан кейін, педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу кабинетінің мамандары мен тәрбиешінің бірлесуімен балаға мінездеме жазылады. Жазылған мінездеме бойынша ПМПК баланы тексеруден өткізіп өз қортындысын жасайды.

№	Оқу жылы	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала саны
1	2023-2024 оқу жылы	14+5

**Педагог- психолог маманының атқарған жұмысы туралы ақпарат
(2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 о.ж)**

Жаңадан келген тәрбиеленушілердің балабақшаға бейімделу мәліметі.





Жоғарыда көрсетілген нәтижелерді талдай отырып, біз балалардың балабақшаға бейімделу кезеңінің оң нәтиже бергенін айта аламыз.

2021-2024 жылдар аралығында орташа көрсеткіштер бойынша балалардың 48,3% - бейімделу кезеңі жеңіл өткендігі байқалады- үйренуі 1-ден 3 аптаға дейін болды. Бастапқыда балаларда ұйқы мен тәбеттің бұзылуы байқалды, ол кейіннен тез қалпына келді. Балалар мектепке дейінгі білім беру ұйымының күн тәртібіне үйреніп қалған, сондықтан балалардың толық күнге ауысуы қиындықсыз өтті.

Орташа бейімделуі 47,6 % балалардан байқалды - балабақшаға үйренуі 3 аптадан 1 айға дейін болды.

Бейімделу кезінде баланың эмоционалды жағдайы өзгермелі болады, көбінесе режимдік сәттерде олардың көңіл күйі болмайды, анасын шақырады

және үйін сұрайды. Балалар ересектермен, бір-бірімен оңай байланыста болса, жақсы тамақтанса, ұйықтаса, ата-аналарымен оңай ажыраса, бұл бейімделудің сәтті көрсеткіші деп санауға болады.

Сондай-ақ, 6% бейімделу қиындықтармен өтті, бұл баланың жеке ерекшеліктерімен, сондай-ақ әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесінің болмауымен байланысты.

Балалардың көпшілігінде бейімделу кезеңінде эмоционалды жағдай тұрақты болады, ересектермен қарым – қатынаста олар бастама көтереді, іс-әрекетте ересектерге еліктейді немесе ересектер мен құрдастарының іс-әрекеттерін бақылайды, жаңа нәрселерді білуге ұмтылады, көптеген балаларда рөлдік ойын элементтері пайда болады.

Практикалық жұмыстың негізінде тәрбиешінің, ата-аналардың және балалардың топта өзара әрекеттесуі қолайлы эмоционалды атмосфераны құруға әсерін тигізеді, бұл кіші топтың балаларының жеңіл бейімделуіне негіз болады.

Бейімделу кезеңіндегі бақылаулар бойынша біздің педагогтар балалардың балабақшаға жақсы көңіл күймен келуіне, жаңа жағдайларға тезірек үйренуі үшін барынша күш жұмсайды. Барлық балаларға жеке көзқарас жасалады. Топ тәрбиешілерімен әңгіме жүргізіліп, балабақшаға бейімделу процесін жеңілдету бойынша ұсыныстар берілді.

Ата-аналарға бейімделу туралы кеңестер беріледі.

Қорытынды:

1. Бірлескен үйлестірілген күш-жігердің арқасында балабақшаға жаңадан келген балалардың бейімделуі оң нәтижесін көрсетті.

2. Топтағы балалар балабақшаның бекітілген күн тәртібін, ережелерін ұстанады.

3. Балалардың көпшілігі балабақша жағдайына сәтті бейімделді.

№95 "Алматы" балабақшасы ұжымының сауалнама нәтижелері бойынша есебі

Социометриялық зерттеу (2021-2023жж)

№ 95 "Алматы" балабақшасында 2022-2023 жылдар аралығында социометриялық зерттеу жүргізілді. Зерттеу тұлғааралық қатынастарды зерттеуге, қызметкерлер арасындағы мәртебелік позицияларды анықтауға бағытталған.

Қызметкерлер арасындағы тұлғааралық қатынастарды талданды.

Біріншіден, ұжымда іскерлік және достық қатынастардың өзара байланысы байқалады. Таңдау матрицасын құра отырып, біз келесі диагностикалық көрсеткіштерді анықтадық.

- Көшбасшылар;
- Таңдаулы (шамамен-көшбасшылық топ)
- Қабылданды;
- Оқшауланғандар (Аутсайдеры)

Күшті буын - көшбасшылар, қызметкерлер, көшілігі 60% (27 балдан жоғары);
Таңдаулы (шамамен-көшбасшылық топ)-қызметкерлер, 45% (20 балдан 26 балға дейін);

Қабылданды -қызметкерлер 40% (1 балдан 19 балға дейін);

Әлсіз буын- "оқшауланған-қабылданбаған" - ұжым тарапынан бірде-бір таңдау алмаған қызметкерлер (0 балл)

Қарым – қатынастың әл-ауқат деңгейі орташа, қызметкерлердің көпшілігі топ мүшелері "қабылданған" позицияда. Атмосфера өте қолайлы. Ұжым бір команда ретінде әрекет етеді. Айта кету керек, 2021-2022 оқу жылында сауалнама нәтижелері бойынша қызметкерлердің 9% - ("оқшауланған") себебі, ұжымға жаңадан келген әріптестер болғандықтан, бейімдеу кезеңі болғандықтан, көрсеткіш көрсетті.

Кезең	Топтар			
	Күшті буын - көшбасшылар	Таңдаулы (шамамен-көшбасшылық топ)	Қабылданды	Оқшауланғандар
2021-2022	13,2% ✓ Әкімшілік ✓ Көшбасшы; ✓ Құзыреттілік бойынша көшбасшы; ✓ Коммуникативті ✓ Көшбасшы; ✓ Эмоционалды ✓ көшбасшы	Құзыреттілік 13,6% Эмоционалды 4,4% Коммуникативтік 4,4%	55,4%	9%
2022-2023	17,5% ✓ Әкімшілік ✓ Көшбасшы; ✓ Құзыреттілік бойынша көшбасшы - Коммуникативті көшбасшы; ✓ Эмоционалды көшбасшы	Құзыреттілік 5% Эмоционалды 7,5% Коммуникативтік 7,5%	62,5%	-

Қорытынды: ұжымдағы психологиялық атмосфера қанағаттанарлық

2022-2023 жылдардағы тәрбиешінің жұмысына қанағаттану

№	Сұрақтар	Жауабы	АПОРТ	МЕДЕУ	АЛТЫН АДАМ	КОКТОБЕ	ШЫМБУЛАК	УШҚОНЫР	ТАУ САМАЛ	АЛМАРАСАН	АЛАТАУ	ЕСЕНТАЙ	АЛМАЛЫ	ЖЕТЫСУ
1	Менің балам балабақшаға барғанды ұнатады	Балабақшаға баруды ұнатады	63	62	59	55	70	86	50	83	83	50	90	71
		Кейбір кезде барғысы жоқ	33	38	41	37	22	14	45	17	14	50	10	29
2	Сіз топтағы ұйымдастырылған іс-әрекет сапасын қанағаттанасыз ба?	Ия	92	79	81	91	67	90	60	97	83	96	95	84
		Жоқ					22	5	5					3
		Жауап беру қиындық тудыруда						5	25		7		5	13
3	Топтағы тәрбиешінің жұмысы сізді қанағаттандырды ма?	Ия	88	92	93	95	74	95	80	100	97	95	100	94
		Жоқ	8	4			26							
		Ішінара	4	4	7			5	15					
4	Менің балам мен тәрбиешімнің арасындағы қарым-қатынас	Өте жылы	58	79	63	73	67	95	65	87	97	82	90	77
		Бейтарап	42	21	37	22	33		35	13		18	10	23
		Шеттетілген				5								
5	Тәрбиеші сізге баланың өмірі, оның қиындықтары, жетістіктері және т. б. туралы айтады ма?	Күнделікті	42	50	48	50	26	52	20	57	48	50	74	35
		Сирек	8	46	4	9	22	19	10	3	7	4		3
		Сұраныс бойынша	50	4	48	41	52	28	70	40	45	45	26	61
6	Сіз баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша практикалық ұсыныстар аласыз ба?	Ия	63	63	52	50	57	81	25	77	69	72	84	65
		Жоқ	29	37	37	41	37	19	65	20	31	9	5	22
		Сұраныс бойынша	8			9			5	3		9	5	9
7	Сізге қиын мәселелерді шешу үшін тәрбиешіден ұсыныстар аласыз ба?	ИЯ, сізбен бірге мәселені талқылап, шешім іздейді	6	834	70	82	70	81	55	77	79	77	84	64
		Жоқ	38	13				9	25	3	7	4	5	13
		Сирек		4	15	18	19	9	20	13	14	4		13
8		Ия	75	80	85	86	63	85	65	86	93	72	90	77

	Тәрбиеші сіздің балаңыздың проблемалары на жеткілікті көңіл бөле ме?	Жоқ	8				26	5						3
		Сұраныс бойынша						5				9		3
9	Сіз өзіңіздің тәрбиешіңіздің мейірімді екенін сезінесіз	Ия	75	92	93	91	92	100	100	97	100	91	94	100
		Жоқ												
			21			9	4							
10	Қорытынды (орташа көрсеткіш)		66,9	75,6	71,6	74,8	65,1	85,0	57,8	84,6	83,2	76,1	89,0	74,1

Қорытынды: Ата-аналарға жолданған 12 топтың арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша, тәрбиеші жұмысына қанағаттану орташадан жоғары деңгейді көрсетті.

5. Астана қаласы әкімдігінің №95 «Алматы» балабақшасының оқу-материалдық активтері

«№95 «Алматы» балабақшасы» МКҚК 2018 жылы пайдалануға берілді. Екі қабатты типтік ғимарат. Жоба қуаттылығы (2011 жылғы 29 желтоқсандағы №09/541 Санитарлық эпидемиологиялық қорытындысы бойынша) - 295 орынды қамтиды. Балабақшада әр топта балаларды заттық-дамытушы орталықтары балалардың жас ерекшеліктеріне және қажеттіліктеріне, сұраныстарына сай жинақталған. Балабақшаның ұйымдастырылуы және дизайны бойынша: ыңғайлы орналасқан, қауіпсіз аула, жақсы жарықтандырылған, ойынға жеткілікті кеңістіктің, топтың безендірілуі балалардың жастарына сәйкес ұйымдастырылған. Орталықтарындағы көрнекі құрал-жабдықтары балалардың қызығушылықтарын арттыруға бейімделген. Жиһаздар, ойыншықтар, оқу, ойын көрнекі - құрал жабдықтары толығымен мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талабына сай. Ішкі кеңістіктің ұйымдастырылуы, қол жетімділігі және қауіпсіздігі бойынша: жиһаздар балалардың жасына сәйкес және сапалы, ойыншықтар, материалдар, дамытушы ойындар саны жеткілікті, қызығушылықтары бойынша 13 заттық-дамытушы орталықтар. ойын бөлмесінде жұмсақ жиһаздар орналасқан, кеңістіктің трансформацияланған. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортасының қауіпсіздігі, қол жетімділігі және эстетикасы сақталған. Топ бөлмелерінің жиһаздары мобильді, қозғалмалы, қолжетімді.

Құзыреттілік орталықтар жұмысы барысында «Есентай», «Алмалы», «Алмасан», «Үшқоңыр» топтарының жатын бөлмелерінің төсектері жиналмалы ортопедиялық төсектерге ауыстырылды. Топ бөлмелерінің техника қауіпсіздігін сақтау талаптарына, санитарлық-тазалық нормасына, табиғи ерекшеліктеріне,

жайлы қызмет көрсету принциптеріне сәйкес жинақталған. Балабақшаның материалдық техникалық базасы қазіргі заманауи талаптарға сай. Балабақшада жылу жүйесі, сумен жабдықтау жүйесі, канализация орталыққа қосылған. Балабақшада 12 топ, музыкалық залы, әдістемелік кабинеті, психолог кабинеті, медициналық кабинеті, фильтр бөлмесі, кір жуатын бөлмесі, ас бөлмесі бар, иппотерапия кабинеті, Жеті өнер, тұзды үңгір, дене шынықтыру, логопед-дефектолог кабинеттер бар. Иппотерапия - ат спорт (шабандоздар) кабинеті, тек организмге ғана емес, адамның ішкі жан дүниесіне де пайдасы көп. Қан айналымын жақсартып, тыныс алу мен ас қорыту жүйесіне оң ықпал етеді. Аттың үстінде адам денесін тепе-теңдікте ұстап отыратындықтан, жауырын, іш пен кеуде бұлшық еттері босап-қатаю арқылы жаттыға түседі. Тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін музыка залында барлық жағдайлар жасалынған. Музыка залы қазіргі заманға сай дизайнмен заманауи безендірілген: аппаратура, синтезатор, мультимедиялық экран, музыкалық аспаптар, музыкалық динамиктер, микшерлік пульт, музыкалық орталық, фортепиано, хореография бойынша барлық іс-шаралар, сондай-ақ ертеңгіліктер, мерекелік іс-шаралар, конкурстар ұйымдастырылып тұрады. Театрланған қойылымдар үшін түрлі театр костюмдері, ұлттық киімдер, декорациялар бар. Дене шынықтыру залы спорт кешендерімен жабдықталған (Швед қабырға), төсеніштер, гимнастикалық орындықтар, өрмелеуге арналған доғалар, доптармен, арқанмен, құрсаумен, обручтар, кеглилермен және басқа да қажетті жабдықтармен жабдықталған. Психолог пен логопед-дефектолог кабинетінде қажетті түзету- дамыту орталықтары құрылған. Педагогтар түзетуді қажет ететін (ЗПР) және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларымен жұмыс жасайды. Көрнекі құралдар, әдістемелік материалдармен түзету-диагностикалық жұмыс жасауға жағдай жасалынған. Логопед-дефектолог кабинетінде эмоция бұрышы айна бар, дидактикалық ойыншықтар жиынтығы, әртүрлі шағын және ірі ойын материалдарының жиынтығы, сондай-ақ арнайы жасалған қабырға ойындары, оқу құралдарымен түзету қызметі жүргізіледі. «Жеті өнер» кабинетінде көркемөнер бойынша жұмыстар жүргізілуде- мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық тәрбиесі мен шығармашылық дамуына жағдай жасалынған. Реджиопедагогикасы негізінде жұмыстар жүргізіледі. Шығармашылыққа және шеберханаға арналған әртүрлі материалдар (пластилин, гуашь, акварель, түрлі-түсті қарындаштар, маркерлер, балауыз қарындаштар, балаларға арналған шеберхана құралдары, ағаштан жасалған әр түрлі бұйымдар, мүсіндер), көрнекі құралдармен жабдықталған. Құм терапиясы кабинетінде әр баланың психологиялық қиындықтары даралығы ашылады. Құм терапиясы кабинетінде балабақшаның педагог-психолгі қызықты, ертегі әлеміндегі іс-әрекеттер ұйымдастыра біледі. Балалар жоғары қызығушылықпен қатысады.

Балабақшаның дәліздерінде ата-аналарға және тәрбиеленушілерге арналған кітап бұрышы ұйымдастырылған және ыңғайлы жұмсақ жиһаздармен жабдықталған. Балабақшаның барлық кабинеттері стандартқа сай толық жабдықталған. Мамандар кабинеті компьютермен, ноутбукпен және принтермен қамтылған. Әдістемелік бөлме педагогтерге қажетті әдістемелік және көркем әдебиеттермен толықтырылған, қолжетімді. Барлық жабдықтар кір жуатын және асхана бөлмелерінде санитарлық – эпидемиологиялық талаптарына сай келеді. Балабақша аумағы талаптарға сәйкес абаттандырылып, әр топтың ойын алаңдары жабдықталған. Аулада топтық беседкалар, спорттық алаңдар жабдықталған. Заттық- дамытушы орта мынадай психологиялық-педагогикалық өлшемдерге жауап береді: баланың психикалық даму деңгейіне сәйкес; жүйелі; көп функциялы; баланың жас шамасына сай. Балабақшадағы дамытушы ортаның негізгі құрамдас бөліктері мыналар болып табылады: заттық дамытушы орта: құралдар-жабдықтар, ойыншықтар, дидактикалық материалдар, шығармашылық дамытушы орта:көркемдік және музыкалық тұрғыдан дамытуға, құрастыруға және қол еңбегіне арналған жабдықтар, театр қызметін ұйымдастыруға арналған жабдықтар, танымдық-интеллектуалдық орта: көрме материалдары, үстелүсті ойындары, логикалық ойлауды дамытуға арналған құрастырма жинақтарымен қамтылған. Жыл сайын балалардың денсаулықтарын сауықтырып нығайту үшін дәрумендер мен дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіледі. Сондайақ балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Балабақшада күзетшілік және бейнебақылау орнатылған. Балабақша толығымен интернет желісімен жабдықталған. Интернет жылдамдығы 30 мб/с құрайды. Телевизор -2, компьютер – 10, принтер – 10, музыка орталығы – 1, интерактивті тақта – 6, түрлі – түсті принтер – 3, музыкалық колонка-2, пианино – 1, Сонымен, біздің балабақшада баланың толыққанды тұлғасын қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған.

Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін 13 заттық-кеңістіктік дамытушы орта құрылған, баланың жас ерекшелігі мен жеке мүмкіндігіне байланысты, үнемі жаңартылып отырады. Қазіргі таңда балабақшада ойыншықтардың, ойын-материалдарының, әдістемеліктердің жиынтығы бар. №95 «Алматы» балабақшасының мектепке дейінгі білім беру ұйымы баланың тұлғасын қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған, жабдықтар мен жиһазбен толыққанды қамтамасыз етілген.

- жабдық пен жиһазға арналған құжаттардың көшірмелері (Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес көшірмелері қоса берілді); - бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері (Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес көшірмелері қоса берілді)

Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымша

"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер

№95 «Алматы» балабақшасы» МКҚК (2023 жылғы жағдай бойынша)

№	Атауы	Топтардың толымдылығына байланысты бірліктер саны				
		Өлшем бірлігі	Бөбекжасы (ерте жастағы топ, кіші топ)	Мектепке дейінгі жас (орта топ)	Мектепке дейінгі жас (ересек топ)	Мектеп алды жас (мектеп алды топ)
1.	Әр түрлі көлемдегі пирамида	дана	2	2		
2.	Ермек-ойыншық	дана	8	5		
3.	Баулармен, түймелермен, белдіктермен, құлыптармен және үстел үсті ойыны	дана	6	6		
4.	Қуыршақ	дана	4	4	4	4
5.	Ұлттық киімдегі қуыршақ	жиынтық		1	1	1
6.	Маусымдық киімдегі қуыршақ	дана		1	1	1
7.	Қуыршақ театрының жиынтығы	жиынтық		2	2	2
8.	"Киіз үй және оның жабдықтары" ойын жиынтығы	жиынтық		1	1	1
9.	Ойыншық жиһаз	дана		3	3	3
10.	Ойыншық ыдыстар жиынтығы	жиынтық		3	3	3
11.	Машина	дана	6	6	6	6
12.	Көлік жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы)	жиынтық		5	5	5
13.	Құммен ойнауға арналған жиынтық	жиынтық		5	5	5
14.	Ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншық	дана		5	10	10
15.	Ірі моториканы дамытуға	дана	5			

	арналған дидактикалық ойыншық					
16.	Ойыншық арба	дана	5			
17.	Ойыншық (жануарлар, құстар)	жиынтық	3	5	5	5
18.	Туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар	жиынтық		1	1	1
19.	Тақырыптар бойынша заттық суреттер жиынтығы	жиынтық		1	1	1
20.	Сюжетті суреттер	жиынтық	1	3	5	5
21.	Кітапшалар, ертегілер, оның ішінде сөйлейтін кітапшалар мен ертегілер (жиынтықта 15 кітаптан кем емес)	жиынтық	2	2	3	3
22.	Глобус	дана	-	1	1	1
23.	Көкөністер мен жемістердің муляждары	жиынтық		2	2	2
24.	Фланелеграф	дана	1	1	1	1
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары						
1.	Дидактикалық ойындар (санау, түс, өлшем, геометриялық пішіндер, тірі және өлі табиғат, жыл мезгілдері, кеңістікпен уақытты бағдарлау)	дана	5	5	5	5
2.	Сенсорлық дамытуға арналған дидактикалық ойын материалдары: (визуалды, аудио, тактильді)	жиынтық	1	1	1	1
3.	Ірі бөлшектері бар конструктор (ағаш немесе пластмасса)	жиынтық	3			
4.	Ағаш немесе пластмасса бөлшектері бар конструктор	жиынтық		3	3	3
5.	Демонстрациялық геометриялық пішіндер жиынтығы	жиынтық			1	1
6.	Үлестірмелі геометриялық пішіндер жиынтығы	жиынтық			5	5
7.	Жазық геометриялық жиынтық	жиынтық			3	1

	пішіндр жиынтығы					
8.	Көлемді өлшеуге арналған материалдары бар өлшейтін стакандар мен қасықтар	дана				4
9.	Әртүрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер	жиынтық		25	25	
10.	Сандар кассасы	дана		25	25	25
11.	Санау материалы	жиынтық		25	25	25
12.	Магнитті санау жиынтығы	жиынтық				4
13.	1-ден 5-ке дейінгі сандары бар карточкалар жиынтығы	жиынтық			1	
14.	1-ден 10-ға дейінгі сандары бар карточкалар жиынтығы	жиынтық				5
15.	5-ке дейінгі сандары бар санамақтар	дана			25	
16.	10-ға дейінгі сандары бар санамақтар	дана				25
17.	Санау таяқшалары	жиынтық		25	25	25
18.	Құмсағаты	дана		1	1	1
19.	Сандарды зерттеуге арналған ойын кілемшесі	дана		2	1	1
20.	Циферблаты бар сағат	дана				1
21.	Өлшеуіш лента	дана			1	1
22.	Пазл Танграм	дана			25	25
23.	Іінтіректері бар оқу таразысы	дана		1	1	1
24.	Электронды зияткерлік ойындар	жинақ		2	2	2
25.	Шахмат	жинақ			5	5
26.	Дойбы	жинақ			5	5

27.	20-25 бөлшекті пазлдар	дана		3	3	3
28.	100 бөлшекті пазлдар	дана			3	3
29.	Өртүрлі тақырыптағы лото	дана			5	5
30.	Суретті домино	дана		5	5	5
31.	Дамытушы үстел ойындары	жинак		2	3	3
32.	Кубик Рубик	дана			3	3
33.	Мозаика	дана		6	6	6
Ұсынылатын қосымша материалдар мен жабдыктар						
34.	Интерактивті үстел	дана		1	1	1
35.	Бағдарламалау дағдыларын дамытуға арналған жиынтык			4	4	4
36.	Конструкциялық элементтері, датчиктері, микробақылағышы бар жиынтык	жиынтык		4	4	4
37.	Конструкциялық элементтерден, мүсіндерден, объектілерден, нұсқаулықтардан тұратын конструкциялық жиынтык	жиынтык		4	4	4
Шығармашылық дағдыларды, зерттеушілік әрекетті дамытуға арналған оқу және ойын материалдары						
38.	Өртүрлі сылдырмактар	дана	10			
39.	Музыкалық ойыншықтар	жиынтык	1	1	2	2
40.	Балалардың дыбыстық музыкалық аспаптары	жиынтык	1	1	2	2
41.	Қоныраулар	дана		10	10	10
42.	Қалпақтар	дана		5	5	5
43.	Сөмкелер	дана		5	5	5

44.	Өртүрі мамандыкка арналган балалар киімдері	дана		5	5	5
45.	Марионетка куыршактар	жиынтык		2	2	2
46.	Саусак театрына арналган куыршактар	жиынтык		1	1	1
47.	Көлеңке театрына арналган ширма	дана		1	1	1
48.	Бейнелеу өнөрине арналган материалдар мен құралдар: карандаштар (карапайым, түрлі түсті), бор, фломастерлер, бояулар, гуашь, кылкалам, сызғыш, сорғыш қағаз сүлгілер, пластмасса стакандары	жиынтык	20	25	25	25
49.	Бұйымдар жасауға арналган материалдар мен құралдар: ермексаз, камыр, саз, ағаш, желім	жиынтык		25	25	25
50.	Фигуралы үлкен трафареттер	жиынтык		5	5	5
51.	Боямактар	дана		25	25	25
52.	Жапсыруға арналган материалдар мен құралдар: түрлі-түсті қағаз, түрлі-түсті және ақ картон, мата, желім, қайшы, скотч	жиынтык		25	25	25
53.	Зерттеу, зерделеу және бұйымдар жасауға арналган әртүрлі табиғи материалдар	жиынтык		2	5	5
54.	Балаларға арналган мольберт	дана	1	1	1	1
55.	Матадан және клеенкадан жасалган алжапқыштар	дана		25	25	25
56.	Тазалауға арналган мүкәмалдар (леген, шүберектер, щеткалар)	жиынтык		1	1	1
57.	Ауыл шаруашылығы және тұрмыстык еңбектің фото және суреттері бар альбомдар	жиынтык		1	1	1
58.	Ойыншыктар-құралдар	жиынтык		3	3	3

59.	Өсімдіктерге күтім жасауға арналған құралдар жиынтығы		2	2	2
60.	Бөлме өсімдіктері	дана	6	6	8
61.	Сөре	дана	1	1	1
62.	Тәжірибелерге арналған жиынтық	жиынтық	2	2	2
63.	Табиғат күнтізбесі	дана	1	1	1
64.	Табиғат туралы кітаптар	дана	10	10	10
65.	"Дыбыс", "су және ауа", "жылу" тақырыптары бойынша эксперименттерге арналған жабдықтар	жиынтық	1	1	1
66.	Лупа	дана	5	5	5
67.	Оқу микроскопы	дана		1	1
68.	Пайдалы қазбалар жиынтығы	жиынтық	1	1	1
69.	Өсімдіктер гербарийлерінің жиынтығы	жиынтық	1	1	1
70.	Жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер туралы балалар энциклопедиялары	дана	1	2	2
Қимыл дағдыларын дамыту мен сауықтыруға арналған оқу және ойын материалдары					
71.	Ұлттық ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар	жиынтық	1	1	1
72.	Қимылды ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар	1	1	1	1
73.	Майтабандылықтың алдын алуға және сымбатты қалыптастыруға арналған жабдық	жиынтық	1	1	1
74.	Спорт туралы альбомы	дана	1	1	1
75.	Дұрыс тамақтану туралы	дана	1	1	1

	альбомы					
76.	Салауатты өмір салтын насихаттау альбомы	дана		1	1	1
77.	Доптарға арналған себет	дана	2			
78.	Лактыруға арналған калталар	дана	10	10	10	10
79.	Резеңке доп (әр түрлі диаметрлі)	дана	6	3	3	3
80.	Диаметрі 500-600 миллиметр балалар шеңбері	дана	3	3	3	3
81.	Гимнастикалық таяк	дана	6			
82.	Кеглдер жиынтығы	жинақ	2	2	2	2
83.	Массаж жолы	дана	2	2	2	2
Топтық бөлмеге арналған жабдықпен жиһаз						
84.	Жазу үстелі	дана	1	1	1	1
85.	Жартылай жұмсақ орындық	дана	1	1	1	1
86.	Кітап сөресі	дана	1	1	1	1
87.	2-4 орындық балаларға арналған үстелдер (мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің қалауы бойынша, отыратын орындардың жалпы саны 20 және 25)	дана	10-5	12-6	12-6	12-6
88.	Балалар орындығы	дана	20	25	25	25
89.	Ойыншықтарды орналастыруға арналған шкафтар, қабырғалар, сөрелер, жәшіктер-кажеттілігіне қарай	дана	4	4	4	4
90.	Маркерлік такта	дана		1	1	1
91.	Хабарландыру тактасы	дана	1	1	1	1
92.	Жұмсақ ойын және дамыту модульдері	дана	1			
93.	Балалар жұмыстарына арналған Стенд	дана	1	1	1	1
94.	Материалдарды сақтауға арналған мөлдір контейнерлер	дана	5	5	5	5
Топтық бөлме үшін қосымша жабдықпен жиһаз						

95.	Ыдыска арналған шкаф	дана	2	2	2	2
96.	Жуғыш заттарға арналған шкаф	дана	1	1	1	1
97.	Тазалау құралдарына арналған шкаф	дана	1	1	1	1
98.	Бір секциялы балалардың киіміне арналған шкаф	дана	20	25	25	25
99.	Арнайы киімдерге арналған ілгіш	дана	1	1	1	1
100.	Орамалға арналған ілгіш	дана	20	25	25	25
101.	Төсек-жабдық салатын тумба	дана	1	1	1	1
102.	Жактаудағы айна	дана	1	1	1	1
103.	Шаңсорғыш	дана	1	1	1	1
104.	Кезекшілерге арналған алжапқыш	дана			2	2
105.	Бір орындық екі қабатты/үш қабатты жылжы жатын орын малыкереует	жатын орын	20	25/13/8	25/13/8	25/13/8
106.	Балалар орындығы	дана	4	6	6	6
107.	Гигрометр	дана	2	2	2	2

№95 «Алматы» б/б меңгерушісі



А.Д.Смакова

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар бойынша атқарылған жұмыстар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес ұсынылды.

